



Азаматтық және эксперименттік авиацияның аттестатталуға жататын авиация персоналының лауазымдары мен кәсіптерінің тізбесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 398 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 10 тамыздағы № 623 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 10.08.2015 № 623 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

«Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 15 шілдедегі Заңының 13-бабының 18) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ**

Е Т Е Д І :

1. Қоса беріліп отырған азаматтық және эксперименттік авиацияның аттестатталуға жататын авиация персоналының лауазымдары мен кәсіптерінің тізбесі бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*
Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2011 жылғы 7 сәуірдегі
№ 398 қаулысымен
бекітілген

Азаматтық және эксперименттік авиацияның аттестатталуға жататын авиация персоналының лауазымдары мен кәсіптерінің тізбесі

1. Ұшу авиация персоналының лауазымдары

- 1) коммерциялық авиация пилоты;
- 2) пилот-нұсқаушы;
- 3) пилот-емтиханшы;
- 4) әуесқой пилот;
- 5) желілік пилот;

- 6) аса жеңіл авиация пилоты;
- 7) штурман;
- 8) штурман-нұсқаушы;
- 9) бортинженер (бортмеханик);
- 10) бортрадист
- 11) бортоператор
- 12) бортсерік.

2. Жердегі авиация персоналының лауазымдары

- 1) әуе қозғалысына қызмет көрсету қызметінің диспетчері;
- 2) ұшу қауіпсіздігі жөніндегі инспекцияның бастығы;
- 3) әуеайлақ қызметінің басшысы;
- 4) ұшу қызметінің басшысы;
- 5) инженерлік-авиациялық қызметтің басшысы;
- 6) әуе кемелерін пайдалану жөніндегі жетекші инженер;
- 7) техникалық қызмет көрсету жөніндегі жетекші инженер;
- 8) инженер-механик;
- 9) инженерлік-авиациялық қызметтің инженері;
- 10) ұшу аппараты мен қозғалтқыштар инженері;
- 11) авиациялық және радиоэлектрондық жабдықтар инженері;
- 12) жанар-жағармай жөніндегі инженер;
- 13) жердегі көлік жөніндегі инженер;
- 14) әуеайлақтарды пайдалану жөніндегі инженер;
- 15) ұшуды электротехникалық қамтамасыз ету жөніндегі инженер;
- 16) объективті бақылаудың авиациялық жабдықты пайдалану жөніндегі авиация технигі (механигі);
- 17) планер және қозғалтқыштар жөніндегі авиация механигі (технигі);
- 18) аспаптар және электр жабдықтар жөніндегі авиация механигі (технигі);
- 19) радиожабдықтар жөніндегі авиация механигі (технигі);
- 20) жанар-жағармай жөніндегі авиатехник;
- 21) аса жеңіл авиация механигі (технигі).

3. Ұшу авиация персоналының кәсіптері

- 1) инженер-пилот;
- 2) пилот;
- 3) әуесқой пилот;
- 4) аса жеңіл авиация пилоты;
- 5) штурман;

- 6) бортинженер (бортмеханик);
- 7) бортрадист;
- 8) бортсерік;

9) бортоператор.

4. Жердегі авиация персоналының кәсіптері

- 1) инженер-механик;
- 2) инженер-авионик;
- 3) механик;
- 4) авионик;
- 5) техник-механик;
- 6) техник-авионик;
- 7) аса жеңіл авиация технигі;
- 8) әуе қозғалысына қызмет көрсету қызметінің диспетчері.